**"Карагандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының құрамына кіретін Қарағанды көмір бассейнінің кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 қазан N 1214

Қол жеткен нәтижелерді орнықтыру және "Карагандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы кәсіпорындарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі " Карагандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының көмірін негізгі тұтынушыларды айқындасын, 1, 2-қосымшаларға сәйкес тиеп-жөнелту кестесін бекітсін және тиеп-жөнелтілетін өнім үшін қаржы қаражатының қозғалысын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджетте кәсіпорындарды санациялау үшін көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкісі арқылы "Карагандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамына оны оңалтуға қайтарусыз негізде 286 млн. теңге бөлсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҮ-нің 1996.12.31. N 1715
қаулысымен. P961715_

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі 1996 жылғы 4 қазанға дейінгі мерзімде "Карагандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының есеп шотына акционерлік қоғамның дұрыс жұмыс істеуі үшін қаражат айналымын толықтыруға, жабдықтар, материалдар және басқа қажетті қаражаттарға, сондай-ақ 1996/97 жылдың қысына әзірлік жөніндегі шығынға арнап 286 млн. теңге аударсын. Қаражатты одан әрі аударуды көмірді сату фактілері бойынша және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қаражат бөлуіне қарай жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 5 қазанға дейінгі мерзімде бұрынғы "Карагандашахтуголь" мемлекеттік холдинг компаниясының ғимаратынан "Карагандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының басқару аппаратын орналастыру үшін үй-жай бөлсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г.Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 2 қазандағы
N 1214 қаулысына
N 1 қосымша

1996 жылғы IY тоқсанда тұтынушыларға "Карагандашахтуголь"
жабық үлгідегі акционерлік қоғамының көмір беру
КЕСТЕСІ

| Тұтынушының атауы (энергия жүйесі, электр станциясы және т.б.) | Тоқсанға арналған тапсырма мың. тонна | Көмір маркасы | 1996 жылғы IY тоқсан: қазан | қараша | желтоқсан | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарагандаэнерго-1ЖЭО | 135 | КР эн | 50 | 45 | 40 | |
| "Қарағанды Отын" Ақ | 135 | КР эн | 50 | 40 | 45 | |
| Алматыэнерго | 165 | | 65 | 50 | 50 | |
| оның ішінде: | | | | | | |
| АЖЭО - 2 | 165 | КР эн | 65 | 50 | 50 | |
| Киргизэнергохолдинг | | | | | | |
| Бішкек ЖЭО | 455 | КР эн | 200 | 200 | 55 | |
| "Қара-Алтын" АҚ (Алматы) | 101 | КР эн | 36 | 35 | 30 | |
| "Талдықорған" "Отын" АҚ | 160 | КР эн | 60 | 50 | 50 | |
| Барлығы | 1151 | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 2 қазандағы
N 1214 қаулысына
N 2 қосымша

1997 жылы тұтынушыларға "Карагандашахтуголь" жабық
үлгідегі акционерлік қоғамының көмір беру
КЕСТЕСІ

| Тұтынушының атауы (энергия жүйесі, электрстанциясы және т.б.) | 1997 жылға арналған тап. | Көмір маркасы |
|---|---|---|

| сырма мың |
| тонна |

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Карагандаэнерго | 604 | КР эн |
| "Қарағанды Отын" АҚ | 377 | КР эн |
| "Алматыэнерго" АПК | | |
| АЖЭО-2 | 600 | КР эн |
| АЖЭО-3 | | |
| Киргизэнергохолдинг | | |
| Бішкек ЖЭО | 600 | КР эн |
| Қазақстан Республикасының | | |
| Қорғанысмині | 150 | КР эн |
| ГУПВ | 54 | КР эн |
| Ішкіісмині | 50 | КР эн |
| "Қара-Алтын" | 300 | КР эн |
| "Талдықорған Отын" АҚ | 210 | КР эн |
| "Шығыс-Отын" (Шымкент) | 120 | КР эн |
| "Жамбыл-Отын" (Жамбыл) | 110 | КР эн |
| Жиыны | 3175 | |
| Ресейдегі тұтынушылар | 600 | к кокс |
| Барлығы | 3775 | |

1997 жыл (айлар бойынша)

| қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 54 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |
| 31,4 | 31,4 | 31,4 | 31,4 | 31,4 | 31,4 | 31,4 | 31,4 | 31,4 | 31,4 | 31,4 | 31,4 |
| 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |
| 50 | 50 | 50 | 50 | 40 | 40 | 40 | 40 | 60 | 60 | 60 | 60 |
| | | | | | | | | | | | |
| 12,5 | 12,5 | 12,5 | 12,5 | 12,5 | 12,5 | 12,5 | 12,5 | 12,5 | 12,5 | 12,5 | 12,5 |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5, | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 |
| 10 | 10 | | | | | | 10 | 10 | 10 | | |
| 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 |
| 17 | 17 | 17 | 17 | 17 | 17 | 17 | 17 | 17 | 17 | 17 | 17 |
| 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 |
| 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 |
| 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК